



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№30
(20304)



СҮБЕЛІ СӨЗ

- Ақыл – тозбайтын тон, Білім – таусылмайтын кен.
- Өнер – ағып жатқан бұлақ, Ғылым – жанып тұрған шырақ.
- Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет.

24 ақпан, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

Алматы қаласының әкімін қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Алматы қаласының дамуы мен биылғы қаңтар айындағы қысқамерзімді экономикалық индикатордың өзгергені туралы есеп берілді.

Президентке қаланы қалпына келтіру жұмыстары мен зардап шеккен кәсіпкерлердің шығынын өтеу шаралары туралы баяндалды. Ерболат Досаевтың айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру аясында бизнеске жедел көмек көрсету үшін жеңілдетілген тетік бойынша төлем сомасы 10 миллион теңгеге дейін ұлғайтылған. Ал өтімдерді қарау мерзімі екі есеге – 1 айдан 2 аптаға дейін қысқартылған. Қала әкімі қазіргі уақытта тіркелген 1413 кәсіпкердің 755-і өтемақы алғанын, 10 наурызға дейін шағын және орта бизнес субъектілері өтімдерінің 90 пайызы орындалатынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау тиімділігін арттыру шаралары туралы айтылды.

Мемлекет басшысына қалалық денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту және мектептерде орын тапшылығын азайту мәселелері жөнінде мәлімет берілді.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев қаланы қалпына келтіру және бизнес субъектілеріне келтірілген залалды өтеу жұмыстарын жандандыруды, инженерлік желілерді жанарту жөнінде ұсыныстар әзірлеуді, ескі және апатты жағдайдағы тұрғын үйлерді азайту үшін баспана қорын қайта жөндеуге ерекше назар аударуды тапсырды.

● ОҚИҒА

Арал ауданында санавиация ұшағы құлады

Кеше түс әлетінде Арал қаласына жақын аумақта санитарлық авиация қызметін атқаратын АН-2 ұшағы құлап, толығымен жанып кетті. Ұшақ ішінде болған 2 экипаж мүшесі мен 1 фельдшер аман қалды.

Бұл жөнінде хабарлама облыстық төтенше жағдайлар департаментіне сағат 12.10-да түскен. Арал қаласына жақын аумақтағы «Алтықұдық» аталатын жерге сағат 12.18-де жеткен өрт сөндірушілер ұшақтың толықтай жанып кеткенін анықтады. Бұл орын аудан орталығынан шамамен 21 шақырым қашықта жатыр.

– Экипаж санавиация қызметінің тапсырмасы бойынша ұшып шыққан. Келенсіз жағдай ұшақтың қону кезінде болған. Бұл уақытта аудан аумағында тұман түсуінен ауа райының қолайсыз болғаны анықталды. Ұшақ қону кезінде батпаққа құлап, сол жерде аунап түскен. Содан кейін өрт шығып, толық жанып кеткен. «Тараз Жаңа әлем» әуе компаниясына тиесілі ұшақ ішінде 1970 жылғы экипаж командирі, 1992 жылғы екінші пилот және 1974 жылғы фельдшер болған. Олардың барлығы аман. Бұл азаматтарға медициналық көмек қажет болған жоқ. Оқиға орнына Арал ауданы төтенше жағдайлар бөлімі, №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінен 2 техника мен 9 қызметкер барды, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Саид Молдақараев.

Мәлім болғандай, ұшақ сағат 9.30 шамасында Қызылорда әуежайынан тиісті бағытқа бет алған. 1987 жылы құрастырылып шығарылған ұшақ былтыр қараша айында жөндеуден өткізіліп, ұшуға қайта рұқсат етілген.

Облыстық медициналық жедел жәрдем станциясының бас дәрігері Алматы Құрманғали санавиация қызметі Арал қаласында тұратын 2006 жылғы науқасты алып келу үшін шақыртылғанын айтып өтті. Жасөспірім қант диабетінің ауыр түрін сырқаттануына байланысты оны облыс орталығына жеткізу жоспарланған.

– Жалпы, өңірде тұрғындар санавиация қызметіне жиі жүгінп жатады. Біз айына орташа есеппен 12-15 шақырту қабылдаймыз. Ол қантамыр аурулары, ана мен нәресте сырқаты, өзге де себептерге байланысты болады. Жедел жәрдем станциясы тегерінінде ешқандай санавиация ұшағы жоқ. Осы орайда тиісті мекемелердің қызметін пайдаланамыз, – деді А. Құрманғали.

«СБ» ақпарат

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ОҢТАЙЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНУЫ КЕРЕК

Кейінгі жылдары бірқатар мұнай компанияларының жалақы аздығы мәселесі туындауда. Әсіресе, салыстырмалы түрде «СНПС-АйДан Мұнай» компаниясы мен «Қуат Амлон Мұнай» БК» серіктестігінде жұмыс істейтін қызметкерлер жалақысының төмендігін енебек даулары орын алды.

Осыған орай кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «СНПС-АйДан Мұнай» компаниясының президенті Вэнь Цзянцзюнь мен «Қуат Амлон Мұнай» БК» серіктестігінің бас директоры Сяо Вэйди шақырып, әкімдік басшылығы, ішкі қорғау органдары және салалық басқарма басшыларымен бірге өзекті мәселелерге қатысты жиын өткізді.

Облыс әкімі кейінгі бірнеше жылда мұнай компаниялары жұмыскерлері арасында жалақыны арттыру мәселесі жиі көтерілетінін атап өтіп, бұл істе тиімді шешім шығару қажет екенін алға тартты.



Облыс әкімінің баспасөз қызметі

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ



ҒЫЛЫМДЫ ДАМУЫҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Әлемдегі экономикалық тұрғыда дамыған елдердің артықшылығы – білім, ғылым және жана технологиялар. Еліміз де ғылым дамудың жана деңгейіне түбегейлі шығуы қажет. Себебі, ғылыми жөк елдің болашағы бұлыңғыр. Саланы дамыту мен ғылымдарды қолдауға қатысты нақты, жүйелі саясат пен оны тиімді басқаратын құзырлы құрылым әлі қалыптаспай келеді. Ғылымның әлеуетін арттыруға не кедергі?

СБ Бйболат СӨТЖАН, «Сыр бойы»

«Елге оралмайтын шығармын»

Өткен жылы «Orda.kz» басылымында Әйгерім Қарина есімді жас ғалыммен сұхбат жарық көрді. Стокгольм университетінің PhD студенті Германиядағы зарядталған бөлшектер үдеткіші аталатын құрылғыда химиялық физика саласында зерттеулермен айналысады. Әлемде оннан астам ғана данасы бар құрылғымен жұмыс жасайтын Әйгерімнің ғылым туралы ойлары бірден назарымызды аударған.

Жас ғалым өзі таңдаған саламен айналысуға мүмкіндігі болмағандықтан Қазақстанда қала алмағанын айтады. Әлемде бөлшектердің үдеткіштері санаулы ғана. Сондықтан, ғалымдарға сондай құрылғылармен байланысы бар университетті таңдауға тура келді. Қазақстаннан мұны жасау өте қиын және қымбат. Оған қоса, халықаралық академиялық байланыстар болуы керек.

Сондай-ақ, жас ғалым қазақ ғылымының басты проблемасы ретінде КСРО кезінен қалған

консерватизмді атаған. Мысалы, әлемдік тәжірибеде түрлі журналдарда ағылшын тілінде мақала жазу әдетке айналған. Ал, Қазақстанда мақала жергілікті басылымдарда орыс немесе қазақ, көбіне орыс тілінде жарияланады. Сондықтан, елдегі ғылыми жаңалықтарды әлемде ешкім білмейді, ғалымдар танымалды.

– Бізде жақсы ғалымдар өте аз. Ғылымда бірлесу жұмыс істеу керек, ешкім өзімен өзі бола алмайды. Өйткені ашқан жаңалықтарыңызды ешкім білмейді. Ғылыммен айналысқан адам ел таңдамайды, ресурстар бар жерге барады. Мен Стокгольмде академияда қалғым келеді. Қазақстанға оралмайтын шығармын, ол жақта үдеткіштер жоқ, – дейді Әйгерім Қарина.

Бұл ғылымның бір ғана саласына қатысты мысал. Ал, өзге салаларда жағдай мүлде басқаша деп айта аламыз ба? Өзінің саласында жетістікке жету үшін елден кетуге мәжбүр болатындар өте көп. Мысалы, «Ranking.kz» мәліметінше, 2020 жылдың өзінде енебек тәжірибесі 15 жылдан асатын 11,4 мыңға жуық маман Қазақстаннан кеткен.

Олардың арасында 561 дәрігер, 3331 техник, 1064 мұғалім бар.

Статистикаға қарасаңыз, жыл сайын осынауша білікті маман елден кетіп жатыр. Сонда қазақ ғылымының көсетесі қалай көгеріп деген ойға келесіз. Шынымен де, қазақ ғылымын өзгелермен тезірек тең дәрежеге жеткізуге не кедергі?

Университет қалаға айналуы керек

Пандемия адамзаттың тағдыры ғылымның қолында екенін тағы бір дәлелдеп берді. Бүгінде оқу, білім мен ғылым – экономиканың негізі, қоғамның негізгі байлығы. Сондықтан ғылымға өте көп қаржы салынуы керек. Елімізде оқу, мектеп пен университет, тіпті, зертхана бар. Бірақ, қазіргі заманға сай мазмұнды, сапалы оқу жоқ. Неге?

Мәселенің бір шеті университеттік білімге барып тіреледі. Біріншіден, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы аумалы-төкпелі кезеңде білікті мамандардың

көбі елден кетіп қалды. Осылайша саладағы сабақтастық үзілді. Оған қоса, университеттермізде мықты ғалымдарды арнайы шақыру үрдісі жоқ. Анығында білімді профессор береді. Ал, бізде шақырылған мұғалімдер мүлде жоқ деуге болады.

Екіншіден, университеттік білімге қатысты қоғамда теріс пікір тудырып отырған тағы бір үрдіс бар. Мысалы, бір лауазымды қызметке тағайындалған адам туралы ақпарат жарық көрді делік. Оның өмірбаяны, білімі мен енебек жолына қарасаңыз, еріксіз таңғаласыз. Екінші бірінде жана лауазым иесі журналист, заңгер, экономист деген секілді 4-5 мамандық бойынша диплом алған болып шығады. Бір-екеуінен магистр дәрежесі бар, тіпті ғылым докторы атанып үлгерген, яғни, құжат жүзінде сол салалардың барлығын жетік біледі деген сөз. Бұл саладағы өтірікті көрсетеді. Еліміз ел болуы үшін ілім-білімге жетік, технократ болуы керек десек, мұндай жағдайлар сол ізгі мұратқа кесірін тигізеді. Сыбайлас жемқорлық түбі де осы жерден шығады.

Салалық министрлік тарапынан білім сапасы төмен университеттерге қатысты шаралар қабылданып та жатыр. Мысалы, өткен жылдың соңында осы бағытта тиісті білім сапасын қамтамасыз ете алмаған 41 университеттен 500 лицензия қайтарып алынған. Ал, 15 университет толығымен жабылды. Оларда оқыған 100 мыңнан астам студент басқа оқу орындарына ауысты. Сонымен қатар, колледждерден 2 мыңнан астам лицензия қайтарып алынып, 30 колледж толықтай жабылған. Мәселеге қатысты Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов тәртіп пен білім сапасы басты орында екенін айтқан.

– Бұл бағыттағы оңтайлы қамтамасыз етуіміздің әлеуметтік саланың дамуына үлкен септігін тигізеді. Ең бастысы, сапасыз мамандарға диплом бермей, оларды нарыққа шығармай, бұл шын мәнінде мемлекеттің қауіпсіздігі мәселесіне тікелей байланысты, – дейді ол.

Дегенмен, ғылымның іргесін бекіту үшін университеттік білімде ауқымды өзгерістер керек-ақ. Ғалымдар тарапынан еліміздің әр өңірінде бір университет ұстап, олардың мемлекет тарапынан толық қамтамасыз етілуі керектігі айтылып жүр. Себебі, заман талабына сай болуы үшін университет қалаға айналуы керек.

Университеттік білімнің үш сатысы бар. Бірінші – оқыту, екінші – сол оқытқанын зертханада практикалық түрде үйрету, үшінші – сол тәжірибені өмірге енгізу. Мұның барлығы университет қабырғасында жүзеге асуы керек. Адам капиталы деп жүргеніміздің өзі де сол. Сондай-ақ, бұл біздің қоғамның ең әлсіз тұсы болып отырғанын мойындауымыз керек.

2-бет

● МӘМІЛЕ

Инвесторлар тұрғын үй салуға ниетті

Кеше Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев аймағымызға арнайы келген түркиялық «DEMS construction» және «Tremesheli Holding» компанияларының басшыларын қабылдады. Кездесуде қос инвестор облыс орталығынан 9 және 14 қабатты тұрғын үй кешенін салу ниетін жеткізді.

Құрылыс қарқынды, зәулім ғимараттар бой түзген Қызылорда қаласы үшін бұл ерекше ұсыныс. Жирма жылға жуық шет мемлекеттерге инвестиция құйып, ғимараттар тұрғызып қос компанияның да тәжірибесі мол, нарықта беделі жоғары. Сондықтан олар еліміздің алғашқы астанасы атанған Қызылорданың төрінде оңғы үлгідегі көпқабатты үй салуды мақсат етіп отыр.

Жоспар бойынша мың пәтерлік көпқабатты үй салынады. Кешенді құрылысқа емхана, мектеп, балабақша, спорттық алаңдар кіреді. Инвесторлар жобалау жасаса, облысымызға танымал «ДорСтрой» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Нысан орны да белгіленген. Қала әкімі инвесторларға әкімдік тарапынан барынша қолдау көрсетіліп, инфрақұрылым жеткізу жұмыстарын жеделдетінін жеткізді. Сонымен қатар, оларға сырттан маман алдырмай, кәсіптік оқуды тәмамдаған қызылордалық жас мамандарды қайта даярлап, жұмысқа қабылдау басты талап екенін айтты. Осылайша қос тарап ортақ мәмілеге келіп, сәуір айында нақты әскіздік жобаны талқылауға уағдаласты.

«СБ» ақпарат

● КӘСІП пен НӘСІП

Үй іргесіндегі кондитерлік цех

2-бет





МЕЙІРІМГЕ ТОЛЫ ЕҢБЕК

ана мен бала ұйымдарының мерейін өсірді

Ұлт саулығы жолында өскелең ұрпақтың, оның ішінде нәрестелердің денсаулығын қорғау ерекше назарда. Бұл мәселе аймақ басшысының тікелей бақылауына алынған. Осы ретте жүзеге асырылған жұмыстың нәтижесінде бірқатар медициналық ұйымға халықаралық деңгейде «Wavy-friendly hospitals» бағамы берілді.



Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «BalaJan» ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ольга Шишигина, белгілі дәрігер, акушер-гинеколог Зауреш Аманжолова және «BalaJan» медицина қызметкерлері одағы» қоғамдық қорының президенті әрі құрылтайшысы Эльнар Құрманғалиевамен кездесті.

Басқосуда ана мен бала денсаулығын қорғау мәселелері талқыланды. Аймақ басшысы бірлескен жұмыстардың маңыздылығына тоқталды. Айту керек, өңірде Дүниежүзілік денсаулық ұйымы ұсынған «Емізу

практикасын қолдау және ынталандыру» бағдарламасы қабылданды. Осы бағдарлама бойынша Қызылорда облысының медициналық ұйымдары

республикалық деңгейде сертификациядан, ресертификациядан өтіп, халықаралық деңгейде «Wavy-friendly hospitals» Бағамы мейірімді қарым-

қатынас ауруханасы» атағына ие болды. Сондай-ақ, облыс бойынша 5 емдеу, алдын алу ұйымы «Алтын тақта»

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

номинациясымен марапатталды. Олар – облыстық Ана мен бала орталығы, көпбейінді облыстық балалар ауруханасы, Арал және Қазалы ауданаралық ауруханалары мен №3 қалалық емхана.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – тек ана сүтімен емізу үлесін 95%-ке дейін арттыру арқылы жаңа туған нәрестелердің аурушандық және өлім-жітім жағдайын төмендету. «BalaJan» қоғамдық қорының өкілдері Сыр өңірінде осы бағытта қарқынды жұмыс жүргізілгенін айтып, алдағы уақытта да бірлесіп еңбек етуге ниетті екенін білдірді.

Айта кетейік, «BalaJan» қоғамдық қоры ана мен бала денсаулығын сақтау және нығайтуға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асырумен айналысатын коммерциялық емес қоғамдық ұйым. Ұйым өкілдері «Емізу практикасын қорғау, қолдау және ынталандыру» бағдарламасын әрі қарай енгізу мақсатында «Балаға ізгі ниетті клиника» жобасымен «Ана сүтімен емізудің маңыздылығы» және «Қауіпсіз босану» тақырыптарында семинар өткізеді.

Туған күн мерекесін тортсыз елестете алмаймыз. Бұл – мейрамда әр үйдің дастарханынан міндетті түрде табылатын дәм.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Үй іргесіндегі кондитерлік цех

Ал қазір оның сан алуан түрі бар. Тек ең дәмдесін, сапалысын таңдай білсеңіз болды. Қалалықтар мен Тасбөгет кентінің тұрғындарын осындай дәмді өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған Ботағоз Төлегенова үй іргесінен шағын кондитерлік цех ашып, кәсібін дөңгелентіп отыр.

Ол 2018 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған» бағдарламасымен 3 миллион теңге алған. Бүгінде тоқсан, бәліштің 50-ден астам түрін пісіреді. Кәсіпкер нан өнімдерін қала тұрғындары мен кенттегі дүкендерге жеткізіп, мереке күндері тапсырыстар қабылдайды. Тәттілерді ыстық ықыласпен дайындап, сол ісінен ерекше шабыт алатынын айтады.

Негізгі мамандығым – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Алайда жаным жақын іспен айналысуды жөн саналдым. Бұған дейін басқа цехта жұмыс істедім. Кейін жеке кәсіпшілігіме ауыстым. Бізде нан өнімінің көптеген түрі бар. Мәселен, үйлену тойларына арнап үлкен тортирға тапсырыс қабылдаймыз. Онім бағасын жергілікті дүкен иелерімен бірге ақылдасып қоямыз. Өйткені күнделікті өтімі жоғары болғаны дұрыс. Сондықтан көпшіліктің қалтасына салмақ түспейтін бағада ұсынамыз. Жаз мезгілінде тез бұзылатындықтан, сол жағын да ескереміз. Қарамағымда көмектестің 7 жұмысшы бар. Жалақылары тұрақты. Қазір үйдің жаңынан үлкен цехтың құрылысын бастадық. Бұйырса бұл ісімізді кеңейтіп, кент және қала тұрғындарын тәттілермен қамтамасыз етеміз, – дейді.

Съезд делегаттары сайланды

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен партияның облыстық филиалы Саяси кеңесінің кезектен тыс отырысы өтті. Кеңес мүшелері жиынға онлайн және офлайн форматта қатысты.



Президент, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев партия жұмысын жаңғырту бағытында үлкен міндеттер жүктелді. Осыған орай партия Төрағасы 1 наурызда кезектен тыс XXII съезд шақыру туралы шешім қабылдады және онда партия жұмысын жаңғыртудың негізгі бағыттары айқындалмақ.

Жиында осы саяси шараға облыс атынан қатысатын делегаттарды сайлау туралы мәселе қаралды. Филиал төрағасы Гүлшара Әбдіқалықова алдағы

съезге облыстан делегаттарды сайлау өткен XXI съездегі секілді партия жарғысына сәйкес бастауыш партия ұйымдары жиналыстары мен аумақтық, облыстық техникалық білімі бар маман сыртта сайланатынын атап өтті.

Кеңес отырысында арнайы бөлінген квотаға сәйкес, партияның 1 наурызда өтетін кезектен тыс XXII съезіне Сыр өңірінен 18 азамат делегат болып сайланды. Съезд онлайн форматта өтеді.

«СБ» ақпарат

Тұрғындардың өтініштері қаралды

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова кезектілік тәртібімен азаматтарды жеке мәселелері бойынша онлайн форматта қабылдады. Қабылдауда 15 азаматтың өтініштері қаралды.

Тұрғындар мәселелерін зерделеу үшін жиынға жауапты мамандар қатысты. Қызылорда қаласы мен бірқатар аудандың мәселелері қаралды.

Азаматтардың сауалдары негізінен әлеуметтік мәселелерге қатысты. 11 сұрақ тұрғын үй кезегіне және әлеуметтік көмек қарастыру, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті қолдау мен әлеуметтік саласында үйірмелер ашу мәселелерін қамтыды.

Аймақ басшысы тұрғын үй кезек тізімі бойынша берілетінін және биылғы жылы 1000-нан

астам баспананы табыстау жолдарын жеткізді. Басқа көтерілген сұрақтар бойынша жауапты сала басшыларына тапсырма беріп, заң аясында шұғыл жұмыс жасау қажет екенін айтты.

Айта кету керек, облыс әкімі әр айдың соңында кезекке сәйкес азаматтарға жеке қабылдау өткізіп келеді. Өткен жылы 135 тұрғын қабылдауда болса, биылғы жылдың екі айында 40-қа жуық азаматтың сұрақтарына жауап берілген.

Ғылымды дамытуға не кедергі?

Кемшіліктер күн санап көбейіп жатыр

Ғалымдар тарапынан саладағы проблемалар аз айтылып жүрген жоқ. Ең күрделі мәселелер – жалақының аздығы, өндіріске енгізілмей шаң басып жатқан жаңалықтар, ғалымдар дайындауындағы оққылықтар... Осылай тізбектеліп кете береді.

Еліміздегі ең жас ғалымдардың бірі, техника ғылымдарының докторы Сүндет Қаримов 2020 жылы газетімізге берген сұхбатында он жылдың аралығын сараптап, көп елдермен салыстырғанда артта қалып отырғанымызды айтқан. Мемлекеттің алға дамуын жылжитыны – ғалымдар. Біз академиялық дәрежесі бар мамандар дайындаумен шектеліп отырмыз. Бакалавр – маман емес, магистр мен PhD – ғалым емес. Он жылдан бері дайындалып келе жатқан бакалавр мен кеңестік жүзінде әзірленген мамандарды салыстырып қарасаңыз, біріншісінің кемшіл тұстарын анық байқайсыз. Он жыл тарих өлшемімен алғанда көп болмауы мүмкін. Бірақ осы уақытта ғылымның дамуы мүлде басқа бағытта бұрылып кеткенін аңғарылады. Ғылым кемшіліксіз деп айтуға да болмайды. Ғалымдар кітап, монография жазады. Бұл дегеніңіз – көп жылдық зерттеулер. Бірақ олардың таралымы өте төмен. Монографиялар болсақ зерттеушілер қолына жетпегендіктен, көпшілік ақпараттық технологияларды пайдаланып, сілтеме жасайды. Отандық ғалымдарды қазіргі бакалавр, PhD жүйесіндегілер танымайды. Сосын шетелге еліктеу басым. Бізде олардан деңгейі жоғарылар жетерлік. Соны бағалау керек. Қазір ғалымдар арасында байланыс пен пікір алмасулар тоқтаған. Сондықтан біріккен монографиялар жазылмай, жаңалықтар ашылмай тұрған жағдай бар. Көбінесе гранттық қаржыландыруға сүйеніп, жұмыс істелуде. Грант орта есеппен алғанда, 100-ге жуық ғалымға бұйырады. Оны жеңіп алуға да бармақ басты, көз қысты мәселелер бар, – дейді Сүндет Қаримов.

Сондай-ақ, бізде техникалық білім беруге атүсті қару белең алғаны айтады. Мемлекеттік қызметке алынғанда техникалық білімді талап етушілер кемде-кем. Классификаторды байқап қарасаңыз, гу-

манитарлық қоғамдық сала жазылған. «Мәселен, табиғатты қорғау басқармасын алайық. Бұл сала техникалық мамандарды қажет етеді. Онда істейтіндер қауіпсіздік-техникалық саласының маманы болуы керек емес пе? Сонда экономист, юристер осында жұмыс жасап техникалық білімі бар маман сыртта қала беруі керек пе?» дейді ғалым.

Осы секілді қарама-қайшылықтар салада өте көп. 1992 жылға дейін елімізде орта және жоғары білім министрлігі бөлек, ғылым министрлігі бөлек болды. Қазір бәрі бірге. 2003 жылы Ұлттық Ғылым академиясы жабылды. Ғылымға деген қызығушылық азайды, бөлінегін қаржы, потенциал төмендеді. Сұхбатта Сүндет Қаримов мемлекет көніл бөлмегендіктен, еліміздің білім және ғылым жүйесінде кемшіліктер күн өткен сайын көбейіп жатқанын айтады.

– Жақында еліміздегі академиялық білім профиліне түсіп диссертация қорғайтын мамандарға арналған, бұрыннан қалыптасқан ғылыми мақалаларды жариялайтын басылымдары керексіз деп тапты. Оның орнына шетелдік басылымдарды қойды. 50-70 жыл тарихы бар ғылыми журналдар, басылымдардың тамырына балта шабылды. Ғылымда толық қалыптаспаған ғалымға, әлемдік деңгейде мақала жаз, жаңалық аш деген – қате. Ғалым ғылыми мектептен өтуі керек. Дайындалу үшін көп уақыт кетеді, – дейді ол.

Ғылымды плагиаттан тазарту қиын ба?

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, химия ғылымдарының докторы, профессор Әбулулі Баешов 2019 жылы газетімізге берген сұхбатында: «Ақылды адам ешуақытта ұрламайды, өтірік айтпайды, алдамайды. Кішіпейіл, данышпан, көреген болады. Бірақ бұл жағынан қазақ ғылымы ақап тұр. Отандық ғылым саласында көшірмеден көз сүрінбейді. Плагиатты анықтаудың әдісі бар екенін қарамастан, жалған ғалымдар арасында толып жүр. Алайда, тағы қайталап айтамын, адал ғалым мұндай қадамға бармайды» деген екен.

Расымен де, кейінгі уақытта «ғалым көп, бірақ ғылым жоқ» деген ой да жиі айтылады. Ал, Білім және

ғылым министрлігінің 2019 жылғы ақпаратына сүйенсек, елімізде 22 мыңнан аса ғалым бар. Олай болса, қазақ ғылымының көрсеткісі неге көгермейді деген сұрақ та орынсыз болуы керек емес пе? Мұның бір ұшы академиялық адалдыққа келіп тірелсе керек. Себебі плагиат ғылымға жасалған қиянат болып тұр. Ақиқатында отандық ғылымды плагиаттан тазарту қиын ба?

Бірінші бұрын белгілі орыс ғалымы, экономика ғылымдарының докторы, Еуропа қайта құру және даму банкінің бас экономисі Сергей Гуриев бір сұхбатында ғылымдағы көшірмемен күрес туралы ойларын бөлген.

– Бір студент көшірсе, екінші студенттің дипломының құны жойылады. Өрине, көшірмемен де, плагиатпен де күресу біздің мүддемізге сай. Оның үстіне бұл тек мектептегі немесе университеттегі оқу үрдісімен ғана емес, сонымен қатар ғылым кандидаттары мен докторларының ғылыми дәрежелерімен де байланысты. Мысалы, АҚШ-тың қандай да бір жоғары оқу орнын бітірген адам болашағы үшін алаңдамауына болады. Себебі, Құрама Штаттардағы университеттер әлемдік білім сапасынан бірінші орында. Ол жақта студенттердің барлық жұмыстары плагиатқа мұқият тексеріледі. Ал, көшірме үшін студент оқудан шығарылады. Сондықтан, қолымызда көшірмемен күресудің барлық мүмкіндіктері бар. Қоғамда көшіру мен плагиатқа төбеушілік ахуалын қалыптастыру керек, – дейді ғалым.

Бір қызығы, 2020 жылы әлемдегі ең үздік 15 мың университетте қолданатын Turnitin атты антиплагиат жүйесінің елімізде іске қосылғаны айтылған. Turnitin – 1997 жылы негізі қаланған АҚШ-тың антиплагиат жүйесі. Салалық министрлік алдағы уақытта барлық курстық, дипломдық жұмыстар, диссертациялар осы жүйеден өтетінін хабарлады. Дегенмен, әзірге оның нәтижелері қандай болғаны белгісіз қалып отыр.

Осы тұрғыда бірнеше ғалым қазақстандық ізденушілер әдетте ресейлік жұмыстардан аударып көшіретіндіктен, Turnitin жүйесін плагиат жұмыстың өтіп кетуі мүмкін екенін жазды. Мұндайда мәтін айтарлықтай өзгеріске ұшырайды. Ал осындай қулықпен құтылып кетпес үшін жұрт мақтаған бағдарламадан

кедергісіз өткендерді мазмұн жағынан тексеретін сарапшылар кенесі қажет.

Еуропа елдерінің университеттерін айтағанда, ресейлік белсенді ғалымдар өздері бастама көтеріп, «Диссернет» атты тәуелсіз желілік қауымдастығын құрды. Аталған қауымдастық бір кездері бұған дейін антиплагиат бағдарламасынан өтіп, ғылыми атақ алған біраз шенеуніктің жұмысын тексеріп, нәтижесінде Ресейдегі әрбір онының ректордың еңбегінен плагиат тапқанын жариялады. Осыдан-ақ кез келген күшті антиплагиат бағдарламасы ғылымды 100 процент кепілдік бере алмайтынына көз жеткізуге болады. Сондықтан қалайша сауатты, объективті, тәуелсіз сарапшылардан құралған ықпалды ұйым, «Диссернет» сияқты қазақ ғылымының өз қауымдастығы керек-ақ.

Әлемдік рейтингте соңғы орындамыз

Әлемде қай мемлекет ғылымға көбірек ақша бөлсе, сол мемлекеттің дамуы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары көрсеткіштерге ие. Бұл ретте, 2020 жылдың қорытындысымен Қазақстан ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын шығындар бойынша әлемдік рейтингте соңғы орында.

Қазақстандағы жұмсалған шығындардың үлесі ЖІӨ-нің 0,12%-ін құрайды, бұл айтарлықтай төмен. Мысалы, дамыған және кейбір дамушы елдерде бұл салаға үлкен мән беріліп, оған ЖІӨ-нің жылына 2%-тен 5%-ке дейін жұмсалды. Бұл бағытта кейінгі жылдары Израиль көш бастап келеді. Үздік бес тікке Оңтүстік Корея, Швеция, Жапония және Австрия кірді. Қазақстан бұл тізімде 72 орынның 66-шы иеленді, яғни, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын қаржы бойынша еліміз Монғолия, Тәжікстан, Гамбия, Кувейт, Ирак және Мавриτανиядан озып, төменнен санағанда жетінші болып шықты.

Тағы бір айта кетерлігі, дамыған елдерде салаға жұмсалатын шығындардың көпшілігі бизнестің еншісінде. АҚШ, Қытай, Германия және Жапонияда жеке қаржыландыру үлесі 67%-тен 79%-ке дейін. Ал, елімізде

қаржыландырудың негізгі көзі – республикалық бюджет.

Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс ең қиын салалардың бірі екенін айта кеткен жөн. Себебі, көптеген зерттеулердің нәтижелерін болжау мүмкін емес. Үлкен көлемдегі инвестициялар да арқашан жақсы нәтижелерге кепілдік бермейді.

Ғылым мен бизнес біріксе...

Ғалымдарды қолдау шаралары да жоқ емес. Айталық, биыл жас ғалымдардың зерттеулеріне 1000 грант болу, 500 ғылымды жетекші шетелдік ғылыми орталықтарда тағлымдамаға жіберу ұйымдастырылады. Алғаш рет биыл жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарында постдокторантура енгізіледі. Егер бұрын ғалымдар жалақыны тек конкурстар арқылы ғана алатын болса, енді жетекші ғалымдар тұрақты жалақы алатын болады. Бұл 85 ғылыми ұйымның 1200-ге жуық жетекші ғалымның жағдайын жақсартыды.

Сонымен қатар, ғылыми жобаларды қаржыландыруға арналған конкурстар 3 жылда бір рет емес, енді жыл сайын өткізіледі. Ғылымды басқаруда мемлекеттік ғылыми институттардың аудиті, ғылыми-зерттеу институттарының басшылық құрамын қарау, бизнес пен қоғамды тартып, байқау кеңестерін құру және басқа да шаралар қолға алынбақ.

Дегенмен, ғылым қалай табыс таба алады? Алдымен, елімізде идеядан оны іске асыруға дейін инновацияларды ілгерілету институтын қалыптастыру маңызды, яғни, бизнес инновациялық технологияларды қызығушылық танытуы керек. Өйткені оларды енгізу және пайдалану – коммерциялық табыстың кілті. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында ғалымдардың зияткерлік меншік құқығын қорғаудың маңызы зор.

Ал, бізде бизнес пен ғылымның арасындағы байланыс тұмшыл. Ғылым коммерцияланғанды ғана пайда әкеледі. Индустриялық революция ғылыми жаңалық ашылғанда жеңе қолданғанды енгізілгенде ғана игілікке айналады. Бұл мәселе бүгінгі

Кейінгі жылдары фольклорлы-этнографиялық Президент ансамблінің сүйемелденуімен әнді сахнаға шығарып, телевидение мен радионың Алтын қорына тапсырдым. Бір қызығы, соңғы жылдары біреулер бұл әнді «Халық әні» деп орындап жүр екен. Кейде әуе толқынынан «Пай-пай, қазақтың келіндері-ай» деп хабарлайтында да ұқсайды. Иә, кейде жақсы әннің ізінде осындай жойдасыз хиаялар ілесе жүретіні бар. Десе де, шығарманың авторын біліп, атын атап, түсін түстеп отырудың өзі үлкен мәдениетке келіп тіреледі. Әрине, оны үнемі сақтап жүре алатын пенде болса.

Өз орындауымдағы сол «Ақ босаға» әнін жұрттың назарына жеткізу үшін әлеуметтік желіге жүктеген едім. Көбіне мақала, ой-толғам, сын пікірімізді жариялап, орындаған ән, тартқан күй, толған мақамды жылтырдығанда бермеуші едік, сахнагерлігімізді сәдеттемеу үшін. Алайда, Оралдағы Бауыржан Халимолла деген бауырдың «Беке, сіз сол әнді орындаушы едіңіз ғой. Қиындық тудырмаса, маған салып жібере аласыз ба?» деген өтілінен кейін, арнайы жұмыс қылып, шаңырақ көтерген кезімнен бастап, бүгінге дейінгі көне хәм жаңа суреттермен әдіптеп, ескерткіш болсын деген ниетпен, алқаға салғанмын. Алла разы болсын, тыңдаушылардың жақсы лебіздері келіп жетті.

Алайда, сол жылы сөздерге ілесіп бір түйткілді мәселенің де ізі шығып қалған сияқты. Өз басым мұны жақсылықтың нышанына жорядым. Мұндай тақылаудан кейін кәдімгідей, желіге ең жүктеуге деген ниет пайда болады екен. Өңгіме аяқтап «Ақ босаға» әнінің мәтініне, соның ішінде «Қыз аттаған келін боп ақ босаға» деген сыңар жол қатарындағы жалғыз ауыз сөзге қатысты болып отыр. Бұл жайында пікір жазған, кезінде консерватория қабырғасында бізден азын-аулақ доріс алған Лаура Қынтаева қарындас ізгі

Ақ босаға

Қыз босаға аттай ма, әлде аттана ма?

Сыр бойында Сәнімкүл Желдербаева деген ақын бар. Көпті көрген кейуана, өзі педагог ғалым, әлденеше ғылыми еңбектердің авторы. Биыл торқалы 90 жасқа толған осы ақынның кезінде әнші, ақын Нартай Бекежановтың шәкірті болған Мұхамеджан Рүстемовтың әніне жазған (керісінше, Мұхамеджан аға Сәнімкүл апаның сөзіне ән жазған болуы да мүмкін) «Ақ босаға» әнін сонау бала кезімнен, мектеп қабырғасында жүрген шағымнан орындаушы едім. Ақыры репертуарымнан ойып орын алды.



тілегін білдіре келіп, «Өлеңнің бірінші шумағында «Қыз аттаған» еді, сіз «аттаған» деп орындапсыз» депті.

Алтайн Жүздібайқызы деген желі қолданушы да осы ойды қуаттай келе, «Бұл бір босағадан кыз аттанып жатса, келін келіп жатады дегендік-ау. Себебі қыз өз босағасынан келін боп аттанбайды ғой. Сәнімкүл апаның өзінен сұраған жөн шығар» деп жазыпты. Дұрыс қойылған сұрақтың жарым жауабы да өзіне тұрады ғой. Жөн айтасыз, қыз ақ босағадан аттанбайды, өзге босағаның табалдырығынан аттайды. Олай болса, көтерілген мәселеге қатысты бірсыдырғы толымды ойымызды ортаға салып көрейік.

Ғылымда орындаушылық интерпретация деген бар. Бұл — белгілі бір шығарманы алқаға салған сәтте айтушының ой-санасында саналы әрі бейсаналы түрде жүріп жататын жанды үлеріс. Кез келген орындаушы ерте ме, кеш пе, бұл психотехникалық ерекшелік жүзесімен бетпе-бет келетіні хақ. Біріншінен, оған әуесінде шәкірттің мәтінді белгілі бір ұстаздан қате үйренуі себеп болады. Екіншінен, дұрыс үйренген мә-

тінді түрлі себептің салдарынан (жанылысу, ұмыту, саналы, бейсаналы түрде ауыстырып алу, мән бермеу, салақсу, жады жаңғылуы, жады көнеру, ұмытып қалуы) саналы жаңсақтыққа ұрындырады. Үшіншінен, айтушыға саналы түрде белгілі фактордың әсер етуі мәтіннің өзгертуіне жол ашады.

Мен өз басым орындаушылық дәстүрдің заңды мұрагері әрі осы саланың маманы ретінде өзім орындап, халықтың алдына алып шығатын ән мен жыр мәтіндеріне ерекше мән беріп отырмын. Өйткені, көп жағдайда мәтін атауды құтылып қалғандар болып келеді. Біз авторлық мәтіннің жайын сөз етіп отырғандықтан, бұл жердегі жағдай ерекше. Әрине, кейде бейсаналы түрде, орындау үстіндегі түрлі эмоция әсерінен жаңылысатын кезің болады. Ал мына «Ақ босаға» әнінің мәтініндегі сыңар жолдарда бір ауыз сөзге қатысты біз саналы түрде түрлемге (интерпретацияға) барғанбыз. Бірақ ол шуматқа емес, үшінші кайыримада. Кінәрат артушылар оны байқамаған сияқты.

Иә, негізі көзі тірі автордың

мәтініне редакция өзінің рұқсатымен жасалғаны абзал. Солай десек те, мәтінге қатысты белгілі бір кәсіби заңдылықтарды ескермеуге болмайды. Мәтін атауында логикалық сәйкестікке қоса, қарағар қайшылықтар да кездеседі. Қанша жерден түпнұсқа болса да, маған салса, бұл мәтінді мен «аттанған» деген нұсқада орындамаған болар едім. Неге? Өйткені қыз ешқашан босағадан аттанбайды, ата-анасының оң жағында отырып, шаңырағынан ұзатылып, түз-дәм бұйырған жердің босаға табалдырығынан аттауы мүмкін. Ал аттана қалған күннің өзінде сүйегі тек өзінше шаңырағынан шығады. Бірақ бұрынғы істің ығын, әңгіменің жымын білетін қазақ сөзді ешқашан бұлай қолданбаған болар еді.

Аттану сөзінің мағынасы мүлдем бөлек. Құдай бетін әрі қылысқан, елге тұтқиылдан жау шапса ғана, амалың жоқ, Отан-анаңды қорғау үшін аттануға тура келеді. Сол үшін қазақ бұл сөзді өте сирек қолданады. Онда да қыз аттанбайды, қару ұстау үшін ер-азамат аттанады. Құдайға шүкір, әндігі баян бойынша бұл жерде ол (қыз) өз

еркімен ерге тұрмысқа шығып келіп, соған орай мәтін түзді де, біреудің ақ босағасының табалдырығын аттау үшін. Ден қойсақ, мұндағы ситуация те «Қыз аттаған келін боп ақ босаға» жайында ғой. Сондықтан әуелде түпнұсқадағы сөз «аттаған» болса керек. Мәтін «аттанған» деген өзгеріске кейін, ән халық арасына кең тараған кезде түсуі мүмкін екенін де естен шығармаған жөн. Олай болса, біз белгісіз орындаушының немесе жаңылысқан жадтың бейсаналы түрде жіберген қателігін орнына қайта келтірген боламыз. Мұндай логикалық сәтті суреттейтін мәтінде жауатершілік ұғымын білдіретін сөздің «арпа ішіндегі бір бидай» болып жүруінің өзі түсініксіз.

Иә, мұның ақиқатын автордан сұрап білмей-ақ басымдылықтарды ақтарып, оңай көз жеткізуге болады. 2009 жылы «Фолиант» баспасынан жарық көрген жинақтағы нұсқада «аттаған». Ақын Сәнімкүл Желдербаева әуелде бұл мәтінді қандай жағдаятқа (ситуацияға) қатысты жазған екен, түпниетінде нені көздеді? Ал композитор әуесіне мәтінге сүйенді

ме, әлде ән өмірге бірінші келіп, соған орай мәтін түзді ме? Міне, шығармашылық лабораторияға қатысты «бір сөзді бір сөз түртіңіз» кері осындайда келеді. Сондықтан да сөздің «аттанған» нұсқасы кейінгі айтушылар тарапынан кеткен бейсаналы «кателік» деп есептеймін нәм солай қабылдауға бейімбіз. Қалай болғанда да, мәтінтану ғылымы алдымен мұздай логикаға жүгінетін анық. Ол жағынан келгенде «аттану» сөзі өзін ақтай алмайды.

Кеңес Одағы тұсында мұндай мәселелер қатан қалағандықтан, бір сөздің қылын қиратып пайдаланудың жауапкершілігін аға буын ұрпақ әлі ұмыта қоймаған шығар. Тұтас сөзді айтпағанда, тыныс белгісі дұрыс қойылмағанда (Казнить нельзя помиловать) қандай сараян қателік кетіп, оның ақыры неге апаруы мүмкін екені жайында көп айтылаушы ма еді? Осы сөйлемде үтір «нельзя» сөзінің алдына қойылса бір адамның тағдыры құл-талқан болып, одан кейін қойылса бағы жынып, бостандыққа шыққандар болар еді.

лы тұрған жоқ па? Сондай-ақ сөз нормасына қоса сөйлеу нормасы да бар. Орфоэпия заңдылығы бойынша осы екі нұсқаны әуеннің өн бойына төсіп жіберіп айтар болсаңыз да, сөз «аттаған» деген қалыпта еш кедергісіз, сары майдан қыл тартқандай болып өте шығар еді. Өйткені, бұл жерде сөздің мағынасына қоса әуезділігі қоса сақталып тұр. Қай кезде де автор мен редактордың одағы — кәсіби шығармашылықтың келісімі ғой. Ал менің жасағаным түрлеме редактүра болса тұтастай мәтін, соның ішінде «аттанған» сөзі қасірет шегін тұр деп ойламаймын. Керісінше, ұғым өзінің логикалық қисынын тауып, «аттаған» сөзінің желең астында жетіліп, күйеуге кетіп бара жатқан арлы күз сияқты бағы жанып кеткен сияқты.

Сырдың бір аруы сөзін жазып, бір перзенті әнге бөлеп бағын жандырған «Ақ босаға» әні келін түскен шаңырақтың әнұранына айналғанына, міне, тура жарты ғасырдан астам уақыт өтіп бара жатыр. Бұйырса, жер бетінде ана тілін, салт-сананың, ата-баба дәстүрін сақтаған соңғы қазақ қалғанда, дәстүрлі неке заны шеру тартып тұрғанда, гашық жүректер бір-біріне деген ынтызарлығын тоқтатқанша мәңгі шырқала беретін әннің бірі — осы! Талайдың қыз күнін сағындырып, басынан қызыл орамалын алып, ақ жаулық салып, келін болып түскен ең бақытты сәтін есіне салып, көзіне қуаныш моншақтарын үйретін осы бір қарапайым әнге және оның авторлары — ақын Сәнімкүл Желдербаева мен композитор Мұхамеджан Рүстемов ер арнап Сыр бойынан нәр өлбестік орталығынан шаңырақ көтерген жастар тәу ететін монумент орнатып, техникалық жағын үйлестіріп, сол жерде осы әнді күн-түні сайратып қойса да артық болмас еді-ау.

Берік ЖҰСІПОВ,
фольклортанушы

«Түтіскенді» түлеткендер ұмытылмайды

Бұл мақала саналы ғұмырын шаруашылықтың сан тірлігіне арнап, бейнетін тартқан, өзінің парасат-пайымымен ел жағдайын жеке басының қамынан жоғары қоя білген жандар туралы болмақ. Ал олардың ішінде еңбек дейтін майданда халықпен де, үлкенмен де, кішімен де, басшымен де, қосшымен де тіл табыса білген кейіпкеріміз Жаңақорған ауданының Бірлік ауылында тұрады. Жасынан бейнет кешкен ақсақалды жұрт жапырыла сыйлап, құрмет көрсететіні де сол. Өйткені, ол адал еңбектің туын мәңгі көтеріп жүрді емес пе?

Sb Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»



— Жас ұлға келе көп ойланамын, — дейді Айтуар ақсақал. — Өмірде қандай із қалдырдым, өзімнің туған жеріме, ағайын-туысқаным қандай пайдам тиді деген ой көңілде тұрады да қояды. Кеңес үкіметі кезеңінің бір ерекшелігі — қызмет барысында біреудің ала жібін аттамай, ешкімді алаламай, алдамай еңбек ету, маңдай термен табыс табу, отбасына нәпақа табу әр азаматтың алдында тұрған борыш саналағаны. Мен де өз қатарластарыммен бірге осындай міндетті барынша адал әрі зор жауапкершілікпен атқардым десем артық айтпаспын.

қажет екен. Жаңақорғанда үш айлық оқуын тәмамдап, тракторшы болып жұмысты бастап кеттік. Көп ұзамай Отан алдындағы борышты өтеуге әскерге атандым. Үш жылдан соң елге келіп, 1959 жылы өз тракторымымен қайта қауыштым. Міне, осы кезден бастап еңбек майданына бел шеше кірістік, — дейді ақсақал.

1990 жылы зейнетке шыққанша шаруашылығы саласында еңбек еткен қария кезінде осы өңірдегі алғаш «Түтіскен» массивінің игерілуіне ерекше еңбек сіңірген. Тың жерге алғаш түрлен салған да Айтуар Жүнісов болатын.

қайту үшін ауылда арнайы комиссия құрылды. Комиссия төрағасы, ел ағасы Ыдырыс бас болып, механик Асқар Оспанов ағамызбен бірге жерді көріп қайтуға жүріп кеттік. «Келінтөбе» деген жерге егіс егілетіні белгілі болды. Өлі есімде, алғаш барғанымызда айнала тым-тырыс, іннен шыққан саршұнақтар бізге «жаңа қоныстар келіпті» дегендей селтіп қарайды,

келіп жатты. Бұл кезде «Түтіскен» жерінде күріш өсірудің ауқымы кеңейе бастаған.

— «Түтіскен» массивінің тың жеріне трактормен түрлен, бірінші борзаны салғанды мақтаншыл етемін. Расымен біз келгенде мұнда тек торғай мен дала тышқандары ғана болды. Шаршау дегенді білмейтін жас күнімзде ағалардың да арқаға қағып, елеп отыратыны да жақсы емес пе? «Жақсының жақсылығын айт» демекші, сол жылдары іскерлігін, жұмысты ұйымдастыра білетін қабілетін көрсеткен Дәумен Шомановтай азаматпен бірге жүріп, ақыл-кеңес алдық. Келінтөбеде «ДТ-З» тракторымен алғаш жер жыртып, жүгері дақылынан мол өнім алуға, «Түтіскенді» түлетуде ерен ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткен Айтбай Кемеров, Асан Досымбеков, «Ленин» орденінің иегері Асқар Беркімбаев сынды (суретте) елжанды азаматтардың еңбегі ұмытылмайды тиіс. Оларға құрмет тақтасын қойып, өскелең ұрпаққа өнеге етсе игіліктің толысқаны болар еді, — дейді Айтуар ақсақал.

Оның айтуынша, жаңа жерде елді ұйыстыра білген азаматтар халық жадында қалуы тиіс. Түтіскенді түлеткен ел ағаларының ісін ұлықтау — кейінгі буынға борыш. Қазір де осындай ел азаматтарының жолын қуып, жоғары оқу орнын бітіріп келіп, елдің жылдан-жылға көркейісүіне үлесін қосып жүрген азаматтар саны артып келеді. Айтуар ата тәуелсіз елдің тыныштығын, сан-саулеті даму үшін еңбек пен елді сүйген ұрпақтың да көп болғанын қалайды.

— Бүгінгі ата-ана балам жақсы болсын деп ішер асынд да, киер киімін де, кітап-журналын да, пайдаланар интернеті де даяр етіп жүр ғой. Рас, барлық мүмкіншілігін жасап отыр. Алайда, ата-ана міндеті мұнымен шектелмеуі тиіс. Балаға ең бірінші керек құндылық, ол — ұлттық тәрбие. Демек, болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, өнерлі етіп тәрбиелеу — қазіргі отбасыларға үлкен міндет. Қазақтың әр шаңырағындағы тәрбиенің негізгі көзі — ұлттық салт-дәстүр, сонау ата-бабадан келе жатқан тағылымды құндылықтар. Соны ұмытпауымыз керек, — дейді Айтуар Шәмшіұлы.

Сондай-ақ, жатыпшерлік пен мағыл болу, оңай олжаға дәннуге сияқты жұмысыз әрекеттен аулақ болуды өз ұрпағына жиі айтатын қария «еңбек бәрін жеңбек» деген ұстанымда. Түзу жүріп, адалынан несібесін тапқан адамның ғана ел алдындағы енесі биік болмақ. Айтуар ата айтқан өмірдегі бір ақиқат еді бұл.

Жаңақорған ауданы



Иә, қарт Қаратаудың баурайында ержеткен Айтуар Жүнісовтің айтары мол. Бала күнінен ауыр жұмысқа араласып, жаман мен жақсыны көріп өскен қарияның әкесі Шәмшіден алған тәрбиесі жас шыбықтың түзу бойлауына себін тигізді.

— 1956 жылы мектеп бітіріп, Ташкентке оқуға түсу үшін барғанмын. Жолым болмай, совхозға жұмысқа тұрмақ болдым. Сөйтсем мұнда тракторшылар

— Бұл 1964 жылы болған еді. Сол кездегі аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Зұлдыхар Мұсахановтың ұсынысымен, облыс басшылары Жаңақорған ауданындағы егістік жер көлемін ұлғайту жөнінде ақымды жоспарды іске асырды. Жоспарға енген жаңа жер негізінен «Бірлік» совхозына қарасты болғандықтан, сол бос жерді ел игілігіне пайдалану мүмкіндігін біліп, зерттеп

— деп өткен күнді еске алады еңбек ардагері.

Қош, бұрын-соңды соқа тимеген жерді жұрту әп-сатте басталып-ақ кеткен. Айтуар ата алғаш рет өз тракторымен тың жерге түрлен салып, жаңа жерді ел игілігіне жаратуға үлкен көмегін тигізді. Техникамен айдалған жаңа өлкеге жүгері егіліп, бітік болып шықты. Мол өнім алынып, ауданда сүрлем дайындалды. Жаңа қоныстанушылар осында көшіп

● БРИФИНГ

Қайтарымсыз грант кімге беріледі?

Жаңа бизнес-идеяларға қайтарымсыз грант беру шарттарына өзгерістер енгізілді. Мемлекеттік грант мөлшері 200-ден 400 аялық есептік көрсеткішке дейін артты. Енді оның көлемі 1225200 теңгені құрайтын болады.

Өңірлік кәсіпкерлік палатасының бөлім басшысы Гаухар Елеусінованың айтуынша, бұған дейінгі жылдары мемлекеттік гранттарға барлық санаттағы азаматтар үміткер болса, биылдан бастап тек 29 жасқа дейінгі жастар мен әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтар ғана грант алады. Әлеуметтік осал топтарға атауды көмек алушы, көпбалалы отбасылардың мүшелері, мүгеделкті бар азаматтар, сондай-ақ, мүгеделктігі бар бала-

ны тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны алатын адамдар мен қандастар жатады.

Айта кетейік, грант беру процесі биыл электронды түрде өтеді. «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытушы өңірлік кәсіпкерлік палатасы биыл да онлайн форматта өткізеді. Оқыту тегін. Олардың 30 проценті 29 жасқа дейінгі жастар, 30 проценті әлеуметтік осал топтар санатына сәйкес келуі туралы өзгерістер енгізілді.

Халықаралық стандарттарға сай

Былтыр экономиканың барлық салалары бойынша өндірістің тиімді жүргізілуі және өнімдердің қауіпсіздігі менберінде 85 тексеру жүргізілген.

Нәтижесінде қолдануға жарамсыз 722 дана өлшем құралын пайдалануға тыйым салу жөнінде 16 нұсқама берілді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы Бауыржан Қарсақбаев хабарлады.

— Былтыр аймақтағы тауар өндіруші және қызмет көрсетуші кәсіпорындарда, ірі сауда орталық-

тары мен базарларда сапа менеджмент жүйесін енгізу, стандарттау саласындағы жанадан енгізілген нормативтік құжаттар жөнінде түсіндірме жүргізілді. Сапа менеджмент жүйесін өндірістеріне енгізген кәсіпорындарға ұдайы тағдау жасалады. Қазір облыс бойынша 489 мекеме мен кәсіпорын халықаралық менеджмент жүйесін өз өндірістеріне енгізген, — делді департамент басшысы.

«СБ» ақпарат

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқарма басшысының және басшы орынбасарларының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Тегі, аты, әкесінің аты	Атқаратын лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Жанабаев Ерлан Максотұлы	Басқарма басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні 16:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан, Құрылыс 1, 4 қабат, № 407 бөлме	60-53-87
Жоламанов Ерлан Ерғалұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның бейсенбі күні 16:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан, Құрылыс 1, 4 қабат, № 407 бөлме	60-53-88
Сарменбаев Берік Әбдігәппарұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі күні 16:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан, Құрылыс 1, 4 қабат, № 407 бөлме	60-53-58

ЕРТЕҢ – Ә.БЕКТІБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 175 ЖЫЛ

Сыр сүлейі, дәулескер күйші Әлшекей Бектібайұлының мұрасы қазақ өнерінің айналымына кешеуілдеп қосылды. Мұның бірінші себебі – күйшінің кенес өкіметінен қуғын көргені, екіншісі елден жырақта жүріп, сүйегінің де сырт жерде қалғаны.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ, «Сыр бойы»



Әлшекей күйші 1847 жылы бүгінгі Жанақорған ауданында дүниеге келген. Он екі жасынан ел ішінде домбырашы бала атанған ол өсе келе Сыр өңіріне есімі әйгілі күйшіге айналады. Әлшекей жасында әрі сері, әрі батыр жігіт еді. Кенес өкіметі орнағанда оның жасы жетпесті болатын. Алайда, байдың малынан, молданың сәлденінен үрек келген өкімет еркіндікті сүйген Әлшекейдің жан дүниесімен қабыспалы. Осыдан соң бай-құлақтың тұқымы деген желеумен қуғынға түсіп, туған жерін күймен тербеткен өнер иесі Әзбекстанның Жы-

зақ жеріне қарай көш түзейді. Домбырасын түйенің бұйда-сына айырбақтап, кіре тартып күнелтеді. Мұнда да аңдушылар алдынан шығады. Одан әрі Тәжікстанның Шөрбат ауданындағы Жауан қыстағына келіп тұрақтайды. Бірақ, қудалаушылар қыр соңынан қалмайды. Балаларын жаулаптып, немерелерін жазыға салып, тағы да бет ауған жаққа кетеді. Жол азабы мен аштықтан балалары қайтыс болып, немерелері бірінші артынан бірі шетпейді. Көкірегін шер құрсап, көңілін қаяу мұң сыздатқан күйші 1932 жылы бақи дүни-

еге аттанып, Жауан қыстағының қасына жерленеді. Өзі көз жұмған соң қос ішектен құс болып ұшқан өлмес күйлері дала кезіп кетеді. Әлшекейдің күйлері тағдырлы және өзі өмір сүрген ауыр кезеңнің ақиқатына сұарылған дүниелер. Сонымен бірге, өнер мамандары оның күйлерінен ешкімге ұқсамайтын, терінен тартылған пәлсапалық толғаныстарға толы, мұра-лық ырғақтарға бай екенін айтады. Оның осындай сырлы сипатына әйгілі жазушы Акселеу Сейдімбек: «Әлшекей – күй-

ші-композитор ретінде Сыр бойындағы музыкалық мектептің көшбасында тұрған көрнекті тұлға. Қазақтың ән өнерінде Сыр бойының жыры-жыраулық дәстүрі қандай дара болса, күйшілік өнерде де Әлшекейдің қолтанбасы сондай дара», – деп ерекше баға берген екен. Ертгеректе, анығырақ айтқанда 1902 жылы «Орынбор-Ташкент» темір жолы тартылып, Жанақорған жеріндегі Төменарық вокзалы салынған да оның ашылу салтанатында Сыр мен қырдың күйші-жыршылары жиналып, өнер көрс-

теді. Сол салтанатқа Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Николай Иванов арнайы келеді. Орыс шендісі өнерге жақын адам екен. Ол әсіресе күйшілер өнеріне ерекше татанады. Күй шеберлері арасынан домбыра қағысына көз ілеспейтін Әлшекейдің күйшілігіне тәнті болады. Осы сезімінің разылығын білдіру есебінде күйшінің суретін салдырып, вокал төріне ілгізіп қояды. Көзқорғандар өзінен көшіртілген сол суреттің кенес өкіметі келгенше тұрғанын айтыпты дейді.

Бүгінде күйшінің – «Шерлі», «Бұқтым-бұқтым», «Сауда бұзар», «Жауа кербес», «Аққа кеткен», «Қыз тоқтаған», «Отарба», «Желдірме», «Терісқақпай» секілді ондаған туындысын Нұр-Сұлтандағы мемлекеттік академиялық филармонияның Қазақ оркестрі, Қызылордадағы Тұрмағанбет атындағы халық аспаптар оркестрі орындап жүр. Сонымен қатар, күйші мұралары көптеген ғалымның зерттеу нысанына айналып кетті. Жанақорғанда Әлшекей атындағы өнер мектебі және дәстүрлі өнерді дамыту қоры мен күйші мұражайы жұмыс істеп келеді.

Алдағы күндері Жанақорған аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі күйші-композитор Әлшекей Бектібайұлының 175 жылдық мерейтойы аясында «Әлшекей әлемі» атты аймақтық өнер фестивалін өткізіледі.

Әйгілі күйші мұрасы қазақ руханиятында биік орын алып, халықпен бірге жасай беруді деп айта аламыз.



Қазір жанкүйерлер Рахат Бекболат, Айсамал Сансызбаева, Айзада Мүптілді сынды ауыр атлеттердің есімін жақсы біледі. Сыр топырағында дүниеге келген саңлақтар талай дүбірлі долада еліміздің атын абыроймен қорғап жүр. Бірі ересектер арасында бәсекеге түссе, тағы бірі жастар мен жасөспірімдер арасында жеңімпаз тұғырынан көріне бастады.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Бұл облыста ауыр атлетика дамуының жоғары көрсеткішін айта аламыз. Әрдайым талағай табысқа кенеліп жүрген жастар Илья Ильин, Рүстем Сыбаев, Александр Зайчиков сынды үздіктердің жолын лайықты жалғастырады. Алдағы міндет – сол жақсы үрдісті жалғастыру, талантты өрендердің шығуына қолайлы жағдай жасау. Жақында өткен ауыр атлетикадан бапкерлер кеңесінде аталған тақырып кеңінен таразыланды. Оған елімізге еңбек сіңірген бапкер Вилорий Пак басшылық жасады.

Былтыр облыстың ауыр атлетикасы үшін табысты жыл болды. Облыстың аға бапкері Альберт Хакимуллиннің айтуынша, қызылордалық өрендер түрлі деңгейдегі жарыстарда топ жарды. Қуанарлығы, Рахат Бекболат бір жылда екі жас деңгейі бойынша Әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Алдымен мамырда өткен 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы дүбірлі долада 102 келіде қосайыста 377 келіні (175+202) еншісіне жазып, жеңімпаз тұғырынан көрінді. Оған келін қазан айында 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында алтыннан алқа тақты. Ал Айсамал Сансызбаева (87 келі) сол жылы 20 жасқа дейінгі жасөспірімдерде қыздар арасында еліміздің туын көкте желбіретті. Ол қосайыстың қорытындысында 258 келіні (113+145) бағындырды.

Былтыр 7-17 желтоқсанда Әзбекстан астанасы Ташкент қаласында жалауы желбіреген ересектер арасындағы Әлем чемпионатында тағы бір жерлесіміз Айзада Мүптілді (87 келі) төртінші орынға тұрақтады. Сол жылы сәуір айында ол Азия біріншілігінде қола жүлдеге қол созған еді. Қызылордалық ауыр атлеттер республикалық аренада сәтті ойын көрсетті. Ересектер арасында 4 алтын, 6 күміс, 8 қола медаль қоржынға түсті. Мұндай биіктен жастар мен жасөспірімдер көрінді. Талағай табысқа келген саңлақтар білікті мамандар тарапынан жоғары бағасын алды. Бұл – Сыр өңірі бапкерлерінің жемісі енебі. Еліміздің ауыр атлетикасында қызылордалық жастардың үлес салмағы қай кезде де төмен түскен емес. Әрине, алдағы уақытта жасалатын іс-шаралар саны аз емес. Биылғы жылдың күнтізбесінде қаншама жарыстар күтіп тұр. Бұл орайда дайындық барысы қалай? Жергілікті жанкүйерлерге қуанышты жаңалық, биыл ауыр атлетикадан ересектер арасындағы жігіттер ұлттық құрамасы тізгінін Нұржан Смаханов ұстады. Бұған дейін білікті маман туған топырақта жемісті қызмет етті. Талантты өрендерді тәрбиелеп шығарды.

Белгілі спортыс, облыстық ауыр атлетика федерациясы президентінің орынбасары Илья Ильин аталған шешім қызылордалық бапкерлерге артылған үлкен сенім екенін атап өтті. – Сыр өңірінің ауыр атлетикасы қай кезде де жоғары бағаланады. Бүгінге дейін қаншама таланттар түлеп шықты. Олардың әрбірін жеңісінде жергілікті мамандардың өлшеусіз енебі бар. Жергілікті тұрғындар Нұржан Смахановтың тәжірибелі маман екенін жақсы біледі. Ұзақ жылдан бері шәкірт дайындау ісінде белсенді қызмет етті. Келешегінен үлкен үміттің қолдауына қол ашты. Олардың ішінде жасөспірімдер арасында бірнеше мәрте Әлем чемпионы атанған Рахат Бекболат та бар. Қызылордалық маманға жасалған бұл сенім еліміздің ауыр атлетикасы дамуыға оң септігін тигізеді деген ойдамын. Сондай-ақ, облыс спортының дамуына да серпін алып келеді, – деді Илья Ильин.

Оның айтуынша, Нұржан Смаханов ұзақ жылғы еселі өнебегінің нәтижесінде әлемдік деңгейдегі білікті бапкерлер қатарына қосылды. Республикалық ауыр атлетика федерациясы дайындалған жоғары бағалады. Ендігі кезекте оған алдағы дүбірлі долада өзін қабілет-қарыммен дәлелдеуге мүмкіндік туы. Бұл орайда оған артылған жүк жеңіл емес. Айта кетерлігі, биылдан бастап ауыр атлетикадан еліміздің ұлттық құрамасы ерлер және әйелдер болып екіге бөлінді. Оның ерлер құрамына Нұржан Смаханов жетекшілік етсе, әйелдер құрамасы тізгінін қостанайлық Иван Сивохин ұстады.

Ауыр атлеттерді көптеген ірі жарыстар күтіп тұр. Олардың барлығы Халықаралық ауыр атлетика федерациясы аясында өткізіледі. Мамыр айында Грекияда жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионаты жалауын көтереді. Сол айда Мексикада жасөспірімдер арасындағы Әлемдік дола өткізіледі. Шілдеде Әзбекстан астанасы Ташкент қаласында жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты болса, тамызда Түркияда Ислам ынтымақтастығы ойындары басталады. Одан кейін қазақстандық спортшылар қыркүйекте Қытайда өтетін Азия ойындарына қатысады. Олардың ішінде бірнеше мәрте Әлем чемпионаты тәжірибелі мамандардың қатысуымен өтетін Азия чемпионаты тәжірибелі мамандар өз шәкірттерінің жоғары биіктіктеріне қол жеткізе беріп жүр. Бұл орайда қызылордалық мамандардың қатысуы үлкен зор.

Жылы барысында Илья Ильин облыстық ауыр атлетика федерациясы тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Аталған ұйымға көп жылдан бері жетекшілік жасап жүрген белгілі кәсіпкер Темірхан Кенжебаев бапкерлер мен спортшыларға тұрақты қолдау көрсетіп келеді. Жылырма жылға жуық уақыт ішінде оларды қаржылай демеу жүр. Қолдау болған жерде нақты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бар. Бұл орайда облыстың ауыр атлетикасы өзгерге өнеге етуге тұрарлық.

Жарамсыз деп есептелсін

«Шапағат Нұры» психоневрологиялық ауытқулары және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық үйі» қоғамдық қоры (БСН: 170640004661) Жарғасынның (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

БӘРЕКЕЛДІ!

Жапон елінің «Шоп тамыры» қайтарымсыз көмек бағдарламасы елімізде сонау 1997 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Бағдарламаның түпкі мақсаты – адамзат қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

БІЛІМ ОШАҒЫ – БАҒДАРЛАМА ЖЕҢІМПАЗЫ



«Шоп тамыры» бағдарламасы бүгінде республика көлемінде әлеуметтік салаға қатысты өзекті мәселелердің шешілуіне септігін тигізген отыр. Айталық, бұған дейін бағдарлама аясында жеңіп алған гранттар есебінен еліміздің бірқатар білім ошақтарының шатыры жөнделіп, есік-терезелері жаңартылған болатын. Ал бірер күн бұрын облыс орталығындағы Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі балалар тасымалы үшін өз жобасын ұсынып, грант иегері атанды. Бұл жаңалық мектеп-лицейі ұжымын ерекше қуантты. Себебі, бүгінде аталған мектеп-лицейіне Сабалқ, Эдельвейс мекен-жайларынан 630 бала қатынап оқуда. Жыл сайын бала санының артуына байланысты білім ошағының кеңінуіне екі автокөлік тасымалдаушы автокөліктер жетпейтін.

Нақтырақ айтсақ, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі «Шоп тамыры» гранттық жобасына қатысу арқылы 65 794 АҚШ доллары көлемінде грант иеленіп, Жапон елінің Джун Ямада мен мектеп-лицейі директоры Бек Тұмырзаев ZOOM платформасы арқылы грант келісім-шартына қол қойды. – Биылғы оқу жылында мектеп-лицейіде 3803 оқушы білім алады. Оның ішінде 630 оқушы алыс елді мекендерден арнайы көліктермен тасымалданады. Бұл ретте мектеп-лицейінің кеңініп отыруына қалаалық автобус паркінің қызметін пайдаланатынымыз. Әрине, бұл бізге тиімсіз. Сондықтан аталған бағдарламаға қатысып, ел қатарлы бағамызды сынап көрген едік. Нәтижесінде, жобамыз жүзеге асып, көлемді қаржылай қолдауға ие болдық. Осы күні Жапон елшілігімен екіжақты келісім шартқа қол қойып, құжат рәсімдеу жұмыстары жүріп жатыр. Сәтін салса, алдағы наурыз айының соңына қарай оқушылар тасымалы үшін екі автокөлік пайдалануға беріледі, – дейді мектеп-лицейі директоры Бек Тұмырзаев.

КИНО

«Сәт» сериалының түсірілімі басталады

«Aslan films» – өніміміздегі балаларға арналған тұңғыш киностудия. Кәсіпкер Жасұлан Алдабергеновтың бастамасымен 2020 жылы «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Балалар киностудиясы» жобасы арқылы қайтарымсыз грантқа қол жеткізіп, 3 миллион теңге көлемінде қаржылай қолдауға ие болған. Бұл қаржыға арнайы құрал-жабдықтар алынып, студия заман талабына сай техникалармен, жарықтармен жабдықталған. Бүгінде 7 адам жұмыспен қамтылған.

сонымен бірге, 20 бөлімнен тұратын «Бақталас» атты телехикая жарық көріп, көрерменнің оң бағасына ие болған. Мұнан бөлек жақын арада жастарға арналған жаңа телехикая түсіріледі. – Ақпанның 24-нен «Сәт» атты телехикаяның түсірілімі басталады. Бұл бес бөлімнен тұратын веб-сериал. Киноның жастарға ой салатын тәрбиелік мәні бар. Сондай-ақ, кинода бозбала мен бойжеткеннің арасындағы бала махаббат ерекше сипатталады, – дейді Ж.Алдабергенов.

Аймақта өнерлі, талапты жастар мен жасөспірімдер көп. Балалар киностудиясы осындай жастарды қолдап, олардың экономикасының және киноиндустрияның дамуына септігін тигізген келеді. Осы сынды игі жобалар мемлекет тарапынан қолдау тапса, Сыр жастарының мүмкіндігі еселене берері анық.

Аружан ЕРАЛЫ



МЕНШІК ИЕСІ СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)
Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КZ.4310318.07.03.01178 нөмірінмен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеті және қайтарылмайды. Жариялымында газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақыл қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Кезекші редактор Дүйсенбек АЯШУЛЫ